

Мемлекеттік тілде оқытатын Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі

Тақырыбы: «Буллинг- кибербуллингтің алдын алуда білім беру процесіне қатысушыларды психологиялық сүйемелдеудің тиімді құралы ретінде психологиялық қызмет мамандарының өзара әрекеттесуі»

Мақсаты: Мектептік және мектептен тыс ортада буллинг пен кибербуллингтің алдын алуға бағытталған тиімді психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыруда білім беру мекемелеріндегі психологтардың, әлеуметтік педагогтардың және басқа да мамандардың өзара әрекеттестігінің рөлін анықтау.

Қажет материалдар: слайд, жадынамалар.

Қатысқандар: мектеп ұжымы

Мектеп психологының басты міндеті – оқушылардың қауіпсіз және қолайлы психологиялық ортада білім алуына жағдай жасау. Бірақ бұл жұмыс – тек бір маманның емес, бүкіл білім беру ұжымының және ата-аналар қауымының бірлескен әрекетінің нәтижесінде ғана тиімді бола алады.

Буллингтің алдын алуда біз келесі бағыттарда жұмыс жүргіземіз:

- Оқушылар арасында **сенімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған тренингтер** өткіземіз;
- Мұғалімдер мен ата-аналар үшін **психологиялық ағарту жұмыстарын** ұйымдастырамыз;
- Қиын жағдайға тап болған балалармен **жеке және топтық кеңес беру** жұмыстарын жүргіземіз;
- Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері және әкімшілікпен **үнемі өзара әрекеттестікте** боламыз.

Кибербуллинг – бұл жаңа заманның жаңа қатері. Интернет кеңістігіндегі қысым мен қудалау баланың ішкі жан дүниесіне терең зақым келтіруі мүмкін. Осы орайда біз ата-аналармен бірігіп, балалардың **интернеттегі қауіпсіздік мәдениетін** қалыптастыруымыз қажет.

Мектеп психологы Хусайнова Т.К. мұғалімдерге буллинг және кибербуллингтің алдын алу мақсатында бірқатар кеңестер мен ұсыныстар берді және де жаднамалар таратты. Сонымен қатар мұғалімдер буллинг пен кибербуллингтің түрлерімен танысты. Мектептегі оқушылар арасында буллинг болған жағдайда қалай алдын алу керектігі жөнінде жұмыс түрлерін үйренді. Буллингке ұшыраған жағдайда кімдерге хабарласу керектігі айтылды.

